

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 6, Number 42 (2017), 239 – 242

M. Kassymova¹, G. Orymbetova¹, Z. Kobzhasarova¹, L. Mamayeva²¹M. Auezov South Kazakhstan state university, Shymkent, Kazakhstan,²Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: rusmur2111@gmail.com

**RATIONAL COMPARISON OF FERMENTED
MILK-VEGETABLE DRINKING COMPONENTS**

Abstract. In the given article results of studies on the selection of components of a fermented milk-vegetable beverage are presented. Corn is an indispensable component for improving the organoleptic properties and chemical composition of the dairy-vegetable base of the product.

Based on the studies carried out, is proved the composition of the dairy-vegetable basis of the product from corn flour.

Key words: corn flour, dairy-vegetable products, dairy-vegetable base, organoleptic indicators, fermented.

ӘОЖ 637.131.8:664

М. К. Касымова¹, Г. Э. Орымбетова¹, З. И. Кобжасарова¹, Л. А. Мамаева²¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазакстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан,²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан**АШЫТЫЛҒАН СҮТ-ӨСІМДІК ҚОСПА СУСЫНЫНДАҒЫ
ҚҰРАМА БӨЛІКТЕРДІҢ ҚАТЫНАСЫ**

Аннотация. Бұл мақалада ашытылған сүт-өсімдік қоспа сусынындағы құрама бөліктерді таңдаудағы зерттеу нәтижелері көлтірілген. Сүт-өсімдік қоспа негізінің органолептикалық көрсеткіштері мен химиялық құрамын жақсартуда жүгөрі ұны таптырмайтын компонент.

Зерттеу нәтижелері негізінде өнімнің сүт-өсімдік қоспа негізінің жүгөрі ұнымен құрамы таңдалынды.

Түйін сөздер: жүгөрі ұны, сүт-өсімдік қоспа өнімдері, сүт-өсімдік қоспа негізі, органолептикалық көрсеткіштер, ашытылған.

Кіріспе. Толыққанды тенденстірлген тамақтану – кез келген жаста денсаулық пен өмірді сақтау үшін қажетті және маңызды шарттар болып табылады.

Қазіргі таңда өсімдік тексті мен сүт ингредиенттерін тамақтанудың арналы мамандандырылған өнімін өндеді де қолдану табиги жолмен өнімді алмаспайтын микронутриенттермен байытуға мүмкіндік береді, айтарлықтай оның органолептикалық көрсеткіштерін жоғарылатады, соңы дайын өнімде амин қышқылды тенденстіру мәселесін шешеді [1].

Жүгөрі ұны бағалы химиялық құрамға ие және С, В1, В2, РР дәрумендерге бай, сонымен қатар құрамында калий, кальций, магний, темір, натрий, фосфор, каротин, крахмал және басқа да элементтер бар [2].

Жүгөрі ұны майлалылығы, қышқылдығы мен калориясы бойынша ұнның басқа сортынан асып түседі және артық холестеринде шығаратын компоненттердің болуымен бағаланады.

Жүгөрі ұннын дайындалған тағамды тұрақты қолдану адамның асказан-ішек жолдарының микрофлорасын жақсартады, диабет, инфаркт, жүрек - қан тамырлары ауруларының туындалу

тәуекелін азайтады. Организмде жеткілікті мөлшерде калий, магний, кальций, фосфор, Е дәрумені, талышқардың болуы нәтижесінде адамның денсаулығының жалпы күйі мен иммунды жүйесі жақсарады.

Осыны ескере отырып, аштылған өнімнің органолептикалық қорсеткіштерін түзету мен жогарылату мақсатында өсімдік текті құрама бөлік ретінде жүгері ұны таңдалынды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу объектісі ретінде келесі шикізаттар қолданылды: сүт (СТ РК 1483-2005), құрғақ сүт сары сұзы (МЕСТ Р 53492-2009), жүгері ұны (МЕСТ 14176-69, ТУ 9197-001-63528860-2010).

Жұмыста қорсеткіштерді анықтау үшін стандартты әдістер қолданылды.


Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Аштылған сүт-өсімдік қоспа өнімдерін өндіруде маңызды технологиялық мәнге ие өсімдік текті құрама бөліктердің микробиологиялық қорсеткіштері болып табылады. МЕСТ Р 53495-2009 талабына сәйкес жүгері ұнының микробиологиялық қорсеткіштерінің сәйкестілігі зерттелінді (1-кесте).

1-кесте – Жүгері ұнының микробиологиялық қорсеткіштері

№	Микробиологиялық қорсеткіштер	Мәндер	
		МЕСТ Р 53495-2009 бойынша	Зерттелетін үлгіде
1	Salmonella бактериясы	Болмауы тиіс	–
2	Патогенді анаэробты бактерий	Болмауы тиіс	–
3	Факультативті-анаэробты микроорганизмдер	$1,17 \cdot 10^3$ до $5,0 \cdot 10^4$ м.к./г	$1,17 \cdot 10^3$

Сонымен, жүгері ұнының зерттелетін үлгісі МЕСТ Р 53495-2009 талабына толығымен сәйкес.

Зерттеудің келесі сатысында жүгері ұнының құрғақ сүт сары сұзы мен тарының майсыз сүтте, майлылығы 2,5%, 3,2% сүт пен суда ерігіштігі зерттелінді. Зерттеу нәтижесі келесі суретте көтірілген.



Ү осі бойынша – ерігіштік индексі, см^3

Әртүрлі ортада сүт-өсімдік қоспасы негізінің сүтті және сүтті емес құрама бөліктерінің ерігіштік индексі

Сүт-өсімдік қоспа негізінің ақуызды, аминқышқылды құрамын түзету құрғақ сүт (құрғақ сүт сары сұзы) пен өсімдік (жүгері ұны) құрама бөліктерін қолданумен жүзеге асады. Құрғақ сүт сары сұзын қолдану сүт-өсімдік қоспа негізінің қышқылдығына есер етеді. Құрғақ сүт сары сұзының массалық үлесінің артуына қарай сүт-өсімдік қоспа негізінің қышқылдығы артады [3], сондықтан массалық үлесі 2% құрғақ сүт сары сұзы таңдалынды.

Сүт негізінде майлылығы 2,5% сүт қолданылды. Зерттеу нәтижелері негізінде сүт-өсімдік қоспа негізін құрастыру 2-кестедегі сызбамен жүргізіледі.

2-кесте – Бақылау мен зерттеу үлгілерінің құрамы

Шартты индексация	Жүгері ұнының массалық үлесі, %	Құрғақ сұт сары сұнының массалық үлесі, %	Майлылығы 2,5% сүттің массалық үлесі, %
Бақылау 1	–	–	100
Бақылау 2	–	2	98
№ 1 үлгі	1,0	2	97
№ 2 үлгі	3,0	2	95
№ 3 үлгі	5,0	2	93
№ 4 үлгі	7,0	2	91

Зерттелінетін сүт-өсімдік қоспа негізінің химиялық құрамы мен физико-химиялық көрсеткіштері зерттелінді (3-кесте).

3-кесте – Бақылау мен зерттеу үлгілерінің химиялық құрамы және физико-химиялық көрсеткіштері

Зерттеу объектісі	Активті қышқылдық, рН	Тығыздық, кг/см ³	Құрғақ зат, мас.%	Сонымен қатар, мас.%		
				ақуыздар	майлар	көмірсулар
Бақылау 1	6,57	1027	10,9	2,9	2,5	4,73
Бақылау 2	6,49	1027	12,59	3,08	2,47	6,11
№ 1 үлгі	6,42	1027	13,38	3,17	2,51	6,57
№ 2 үлгі	6,39	1030	14,96	3,37	2,57	7,52
№ 3 үлгі	6,34	1030	16,55	3,55	2,65	8,48
№ 4 үлгі	6,33	1033	18,13	3,73	2,72	9,42

Зерттеудің келесі сатысында жүгері ұнының массалық үлесінің өндөлінетін сүт-өсімдік қоспа негізінің органолептикалық көрсеткіштеріне әсері қарастырылды (4-кесте).

4-кесте – Бақылау мен сүт-өсімдік қоспа негізінің органолептикалық көрсеткіштері

Шартты индексация	СӨҚ органолептикалық көрсеткіштері		
	дәм мен иіс	түс	консистенция
Бақылау 1	Таза сүтті ақ	Барлық масса бойында біркелкі	Сұйық
Бақылау 2	Таза сүтті, сұт сары сұнының женіл иісі	Ақ, барлық масса бойында біркелкі	Сұйық
№1 үлгі	Таза сүтті, ұнының женіл иісі	Ақ, барлық масса бойында біркелкі	Сұйық, жүгері ұнының бөлшектері білінбейді
№ 2 үлгі	Сүтті, жүгері ұнының женіл иісі мен дәмі	Ақшыл кремді, барлық масса бойында біркелкі	Сұйық, ұн бөлшектері біртекті таралған
№ 3 үлгі	Сүтті, жүгері ұнының жағымды иісі	Ақшыл кремді, барлық масса бойында біркелкі	Сұйық, ұн бөлшектері біртекті таралған
№ 4 үлгі	Сүтті, жүгері ұнының айқын дәмі	Кремді, барлық масса бойында біркелкі	Сұйық, жүгері ұнының қосылғаны анық көрінеді

Кестеде көлтірілген органолептикалық көрсеткіштердің нәтижелері бойынша жүгері ұнының мөлшері – 3 мен 5% қосылған үлгілер сұйық, ұн бөлшектері біртекті таралған, консистенциясы бұзылмаған. Түсі бойынша ақшыл кремді, барлық масса бойында біркелкі, иісі, дәмі жағынан сүтті, жүгері ұнының женіл иісі мен дәміне ұқсас. Сүт-өсімдік қоспа негізінде жүгері ұнының мөлшері аз болғанда консистенциясы бойынша сұйық, жүгері ұнының бөлшектері білінбейді, бақылау үлгісінен айырмашылығы жоқ. Жүгері ұнының мөлшері көбейген сайын жүгері ұнының дәмі айқын білінеді, және де консистенциясында да жүгері ұнының қосылғаны анық көрінеді.

Қорытынды. Массалық үлесі әртүрлі жүгөрі ұны қосылған сүт-өсімдік қоспа негізінің органолептикалық бағалау барысында оптимальді физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерімен сүт-өсімдік қоспа таңдалынды: № 2 үлгі (жүгөрі ұнының мөлшері – 3%) және № 3 үлгі (жүгөрі ұнының мөлшері – 5%).

ӘДЕБІЕТ

- [1] Гаврилова Н.Б. Биотехнология комбинированных молочных продуктов. – Омск: «Вариант - Сибирь», 2004. – 224 с.
- [2] Рожно А.В., Купчина О.Л., Юрчак В.Г. Исследование свойств кукурузной муки как сырья для безглютеновых макаронных изделий // Межд. научно-практ. конф. – 2015. – Т. XII. – С. 109-113.
- [3] Гаврилова Н.Б. Научные и практические аспекты технологии производства молочно-растительных продуктов. – Омск: Изд-во ОмГАУ, 2006. – 336 с.

REFERENCES

- [1] Gavrilova N.B. Biotechnology of combined dairy products. Omsk: "Option - Siberia", 2004. 224 p.
- [2] Rozhno A.V., Kupchina O.L., Yurchak V.G. Investigation of the properties of corn flour as a raw material for gluten-free pasta // Inter. scientific-practical. conf. 2015. Vol. XII. P. 109-113.
- [3] Gavrilova N.B. Scientific and practical aspects of the production technology of dairy products, Omsk: publishing house OmGAU, 2006. 336 p.

М. К. Касымова¹, Г. Э. Орымбетова¹, З. И. Кобжасарова¹, Л. А. Мамаева²

¹Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

²Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

РАЦИОНАЛЬНОЕ СООТНОШЕНИЕ КОМПОНЕНТОВ ФЕРМЕНТИРОВАННОГО МОЛОЧНО-РАСТИТЕЛЬНОГО НАПИТКА

Аннотация. В статье представлены результаты исследований выбора компонентов ферментированного молочно-растительного напитка. Кукуруза – незаменимый компонент для улучшения органолептических свойств и химического состава молочно-растительной основы продукта.

На основании проведенных исследований обоснован состав молочно-растительной основы продукта с кукурузной мукой.

Ключевые слова: кукурузная мука, молочно-растительные продукты, молочно-растительная основа, органолептические показатели, ферментированный.